

Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлем ставкасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2008 жылғы 28 ақпандағы № 60 шешімі. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 4 сәуірде № 9-2-102 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2009 жылғы 10 сәуірде № 189 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2009.04.10 № 189 шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 491-бабына сәйкес мәслихат

Ш Е Ш І М :

1. Жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және Рудный қаласының әкімшілік аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлем ставкасы жарнама объектісінің бір шаршы метр үшін жылына 7 айлық есеп айырысу көрсеткіші көлемінде белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Рудный қалалық мәслихаты тексеру комиссиясының төрағасына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихаттың кезектен
тыс сессиясының төрағасы А. Маханько
Қалалық мәслихаттың хатшысы В. Лощинин*